

«Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы - Электр станциясы бойынша хабарландыру

ҚР Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 22-бабының 8-тармағына, 26-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына және тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 609-тармағына сәйкес, «Қазхром» ТҰК» АҚ Ақтөбе қ. тұтынушыларын және барлық мүдделі тұлғаларын ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 15 шілдедегі №65-НҚ бұйрығымен 2025 жылғы 1 тамыздан бастап «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – электр станциясының жылу энергиясын (буды) өндіру және беру қызметтеріне 2 221,30 теңге/Гкал (ҚҚС-сыз) мөлшерінде тарифі бекітілгендігі туралы хабарлайды:

Жылу энергиясын (буды) өндіру және беру қызметтеріне тариф және тарифтік смета «Табиғи монополиялар туралы» Заңның 22 - бабы 1-тармағының 1), 9-2) тармақшаларының және тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 601-тармағының 1), 11) тармақшаларының (стратегиялық тауар бағасының және (немесе) стратегиялық тауарларды тасымалдауға мемлекеттік реттеуге жататын тарифтердің (бағалардың) өзгеруі, өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір қызметкердің бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан орташа айлық атаулы жалақысының өзгеруі) негізінде уәкілетті органымен өзгертілді.

Сұрақтар туындаған жағдайда 8 (7132) 973 314 телефоны бойынша хабарласуға болады.